

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мәтіндерін кейіннен ресми жариялауға сараптама өткізу және құқық беру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2002 жылғы 22 қазандағы N 155 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 23 қазанда тіркелді. Тіркеу N 2021. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 5 наурыздағы № 103 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Әділет министрінің 05.03.2019 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың тақырыбына және кіріспесіне өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрлігінің 2005 жылғы 14 желтоқсандағы N 336 бұйрығымен.

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мәтіндерін кейіннен ресми жариялау мәселелері бойынша заңдарды нақтылау мақсатында **Бұйырамын:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мәтіндерін кейіннен ресми жариялауға сараптама өткізу және құқық беру жөніндегі нұсқаулық;

2) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мәтіндерін кейіннен ресми жариялауға сараптама өткізу және құқық беруге өтініш нысаны бекітілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрлігінің 2005 жылғы 14 желтоқсандағы N 336 бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мәтіндерін кейіннен ресми жариялауға құқық алуда құжаттарды дайындау бойынша жұмысты ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Облыстар, Астана, Алматы қалаларының әділет департаменттеріне жүктелсін.

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2003.09.05 N 182, 2004.05.24 N 144, 2005.12.14 N 336, 2009.09.24 N 126 бұйрықтарымен.

3. <*>

Ескерту: 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2009.09.24 N 126 бұйрығымен.

4. Облыстық, республикалық маңызы бар қала және астананың аумақтық әділет органдары нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес жазуы бар мөртаңбалар дайындасын.

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 2009.09.24 N 126 бұйрығымен.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының жетекшілік ететін Әділет вице-министрлеріне жүктелсін.

Ескерту: 5-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 182, 2009.09.24 N 126 бұйрықтарымен.

6. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастан күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Әділет министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2002 жылғы 22 қазандағы
N 155 бұйрығымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ресми мәтіндерін кейіннен жариялауға сараптама өткізу және құқық беру жөніндегі Нұсқаулық

Ескерту: Нұсқаулықтың тақырыбына өзгертулер енгізілді;
барлық мәтін бойынша "ресми" деген сөз алып тасталынды, "кейіннен" деген сөзден кейін "ресми" деген сөзбен толықтырылды - ҚР Әділет министрлігінің 2005.12.14 N 336, бүкіл мәтін бойынша "Департамент", "Департаментте" деген сөздер "Әділет департаменті", "Әділет департаментінде" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Әділет министрінің 2009.09.24 N 126 Бұйрықтарымен.

Осы Нұсқаулықтың мақсаты Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мәтіндерін кейіннен ресми жариялауға сараптама өткізу және құқық беру рәсімін нақтылау болып табылады.

1-тарау. Жалпы ереже

1. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) уәкілетті орган – облыстар, Астана, Алматы қалаларының Әділет департаменттері;

2) сараптама - оның барысында баспа басылымдары ұсынатын нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің эталондық бақылау банкінде сақталатын

нормативтік құқық актілердің мәтіндеріне сәйкестігін тексеруді уәкілетті орган жүзеге асыратын рәсім;

3) макет - кейіннен ресми жариялауға жататын нормативтік құқықтық акт мәтінінің алдын ала үлгісі.

Макет жарияланған нормативтік құқықтық актінің нақты көшірмесін білдіреді.

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2009.09.24 N 126 бұйрығымен.

2. Нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері кейіннен ресми жариялауға құқық алу үшін қажетті құжаттар пакеті түскенде, уәкілетті органмен олардың толықтығы және шынайылығы тексеріледі.

3. Белгіленген тәртіпте ұсынылған қажетті құжаттар пакеті сараптама өткізуге қабылданады.

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2003.09.05 N 182, 2004.05.24 N 144, 2009.09.24 N 126 Бұйрықтарымен.

3-1. Заңнама департаментіне нормативтік құқықтық актінің ресми мәтінін беру туралы сауал келіп түскеннен кейін нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндері Әділет департаменттеріне жолданады.

Баспасөз басылымы өзінің тіркеу орнына қарай кейіннен жариялауға құқық алу үшін қажетті құжаттарды Әділет департаментіне ұсынады.

Ескерту: 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2009.09.24 N 126 бұйрығымен.

2-тарау. Сараптама жүргізу тәртібі

4. Сараптама Әділет департаменті қызметкерлерімен ұсынылған макеттерді эталондық бақылау банкінде сақталатын, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілердің Мемлекеттік тізіліміне енгізілген нормативтік құқық актілердің мәтіндерімен салыстыру жолымен жүргізіледі.

Ескерту: 4-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 182 бұйрығымен.

5. Салыстыру грамматикалық және орфографиялық қателерді анықтау мәніне жүргізіледі.

6. Әділет органдарында тіркелген орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен жариялауға құқық алуға өтініш берген кезде макет

нормативтік құқықтық актілердің Мемлекеттік тізіліміне енгізілген нормативтік құқықтық актілердің мәтінімен салыстырылады.

7. Сараптама уәкілетті органға барлық қажетті құжаттарды

ұсынған кезден бастап 30 күн ішінде жүргізіледі.

3-тарау. Құқық беру

8. Оң қорытынды болған кезде баспа басылымы Қазақстан Республикасының нормативтік құқтық актілерінің мәтіндерін кейіннен ресми жариялауға құқық алады.

9. Қазақстан Республикасының нормативтік құқтық актілерінің мәтіндерін кейіннен ресми жариялауға құқық беру туралы шешім Әділет департаментінің бастығы қорытындыны бекіткеннен кейін тиісті мөртаңба (2-қосымшаға сәйкес) қою арқылы ресімделеді.

Кейіннен ресми жариялауға құқық берілетін макеттің мәтінінің бірінші парағының оң жақ жоғарғы бұрышында Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес жазулармен көк түсті мөртаңба қойылады.

Ескерту: 9-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2003.09.05 N 182, 2009.09.24 N 126 Бұйрықтарымен.

10. Кейіннен ресми жариялауға құқық берілген нормативтік құқықтық актінің мәтіні жолдама хатпен тиісінше баспа басылымына жолданады немесе баспа басылымының заңға сәйкес уәкілетті адамына әдейі беріледі.

11. Баспа басылымының құрылтай құжаттарының көшірмелері мен макеттің көшірмесі Әділет департаментінде қалады.

Ескерту: 11-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 182 бұйрығымен.

4-тарау. Кейіннен ресми жариялауға құқық беруден бас тарту

12. Қазақстан Республикасының нормативтік құқтық актілерінің мәтіндерін кейіннен ресми жариялауға құқық беруден баспа басылымының теріс қорытындысы болғанда бас тартылады.

13. Қазақстан Республикасының нормативтік құқтық актілерінің мәтіндерін кейіннен ресми жариялауға құқық беруден бас тарту туралы шешім бас тарту дәлелді себептерімен жазбаша нысанда баяндалады, баспа басылымы құрылтайшы құжаттарының көшірмесімен және баспа басылымының макеттерімен бірге жіберіледі, макет көшірмесі Әділет департаментіне қалады. Сонымен бірге макетке мөртаңба қойылмайды.

Ескерту: 13-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 182 бұйрығымен.

5-тарау. Нормативтік құқтық актілердің мәтіндерін есепке алу

14. Әділет департаментінде мәтіндеріне Нормативтік құқтық актілердің және баспа басылымдарының олардың кейіннен ресми жариялауға құқық алушы мәтіндеріне есеп жүргізіледі.

Ескерту: 14-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 182 бұйрығымен.

15. Есеп 1-қосымшаға сәйкес нысанда жүргізілетін нормативтік құқтық актілердің мәтіндерін кейіннен ресми жариялауға құқықтарды есепке алу кітабына жазба енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Ескерту: 15-тармақ толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 182 бұйрығымен.

6 тарау. Қорытынды ереже

16. Осы Нұсқаулықпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте шешіледі.

17. Сараптама жүргізілудің дұрыстығы мен шынайылығына Әділет департаменті бастығы немесе оны алмастыратын адам жауапкершілікте болады.

Ескерту: 17-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 182, 2009.09.24 N 126 Бұйрықтарымен.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2002 жылғы 22 қазандағы
N 155 бұйрығымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық
актілерінің мәтіндерін кейіннен ресми
жариялауға құқық алуға

ӨТІНІШ

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы мен "Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мәтіндерін кейіннен ресми жариялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 тамыздағы N 938 қаулысының негізінде

(баспасөз басылымдарының атауы)

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінен Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актісінің(лерінің) мәтінін(дерін) кейіннен ресми жариялауға құқық беруді сұрайды.

- Өзге де мәліметтер: _____

(баспасөз басылымының орналасқан жері мен өзге де деректемелері)

Баспасөз басылымы басшысының қолы _____

" ____ " _____ 200__ жылы

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

2002 жылғы 22 қазандағы
N 155 бұйрығымен бекітілген,
Қазақстан Республикасы
нормативтік құқықтық
актілерінің мәтіндерін кейін
ресми жариялауға сараптама
өткізу және құқық беру жөніндегі
Нұсқаулығына
1-қосымша

Ескерту: Қосымша толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 182 бұйрығымен.

Нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен
ресми жариялауға құқықтарды есепке алу
кітабы

N	Баспасөз басылымының атауы	Нормативтік құқықтық актілердің тізбесі	Құжаттарды берген күн	Кейіннен ресми жариялауға құқық берілген күні	Өзге де мәліметтер

Қазақстан Республикасы
нормативтік құқықтық актілерінің
мәтіндерін кейіннен ресми
жариялауға сараптама өткізу және
құқық беру жөніндегі нұсқаулықа
2-қосымша

Ескерту: 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 2009.09.24 N 126 бұйрығымен.

Ресми мәтін.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің

(облыстар, Астана, Алматы қалаларының) Әділет департаменті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК